



БЕКІТЕМІН:

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Кентау қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Әлия» бөбесінің басшысының менгерушісі:**



К.А. Дәсмұратова

**МЕКТЕПАЛДЫ «БАЛДЫРҒАН» ТОБЫ
ВАРИАТИВТІ КОМПОНЕНТ
«ЖАС ЗЕРТТЕУШІ»**

2022-2023 оқу жылы

**ТӘРБИЕШІЛЕР: НАЛИБАЕВА Д
МАМБЕТОВА Д**

ВАРИАТИВТІ КОМПОНЕНТ
ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАР
Мектепалда «Балдырған» тобы

«Жас зерттеуші» (1,0-36)				
№	Тақырыптар	Мақсаты	Сағаты	Өткізілетін күні
1	Аквариумдағы балықтар	Балаларға табиғат бұрышындағы жануарларға (балыққа) күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін меңгерту; аквариум туралы білімдерін пысықтау; тілін, ойын дамыту; табиғат әлеміне қамқорлықты, эмоционалды-жағымды қатынасты қалыптастыру; ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1	01.09.2022
2	Үй жануарларының төлдері (күшік)	Балаларды адамның қасында тіршілік ететін күшікпен таныстыру; ересектердің көмегімен күшікке қамқорлық жасауға дағдыландыру; ақыл-ойын дамыту; баланың қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру, адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу.	1	08.09.2022
3	Жер әлемі	Балаларды өлі табиғаттың компоненттерімен және қасиеттерімен таныстыру;; өздігінен тәжірибе жасауға деген қызығушылықтарын молайту; өз ойлары мен пікірлерін айта білуге үйрету; тіл байлығын белсендіру; экология негіздері арқылы қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1	15.09.2022
4	Елімнің байлығы — тұз	Балаларды өлі табиғаттың компоненттерімен және қасиеттерімен таныстыру; тұздың өмірдегі рөлімен таныстыру; өздігінен тәжірибе жасауға деген қызығушылықтарын молайту; өз ойлары мен пікірлерін айта білуге үйрету; тіл байлығын белсендіру; экология негіздері арқылы қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1	22.09.2022
5	Алтын күз	Табиғи нысандар мен құбылыстарды бақылау білігі мен дағдыларын қалыптастыру; табиғат құбылыстарындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтай білу; күздің ерекшеліктерін түсіндіру; сөздік қорын, зейінін дамыту; табиғаттың сұлулығын түсініп, табиғат аясындағы қарапайым мінез-құлық ережелерін сақтап, табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу.	1	06.10.2022
6	Бау-бақшамыз — сәніміз!	Өсімдіктердің өсіп, дамуы және өсімдіктердің өсіп, өнуіне судың маңызы туралы түсініктерін қалыптастыру; табиғатта өзін ұстаудың қарапайым ережелері туралы білімдерін қалыптастыру; жеміс–жидектер мен көкөністер туралы түсініктерін кеңейту; қойылған сұраққа толық жауап беруге төселдіріп, сөйлеу мәдениетін дамыту; ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1	13.10.2022
7	Ас атасы – нан	Дән тұқымымен таныстыру, бидайдан нан жасалатынын айта отырып, дастарханға жеткенге дейінгі еңбек мазмұнымен, қолданылатын техникалардың аттарымен таныстыру; балалардың ақыл-ой белсенділігін арттыру; өлең, нақыл сөз, мақал - мәтел арқылы тіл байлығын дамыту; нанды қадірлеуге, қастерлеуге, еңбекке деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу.	1	20.10.2022

8	Жыл құстары	Балаларға құстар туралы білім беру, құстардың адам өміріндегі пайдасы туралы түсініктерін кеңейту; құстар туралы тақпақтар мен жұмбақ шешу арқылы балалардың тілдік қорын жетілдіру; табиғатқа деген сүйіспеншілікке, қамқорлық қатынасқа, табиғатты сақтауға жауапкершілік сезімдерін тәрбиелеу.	1	27.10.2022
9	Саңырауқұлақтар құпиясы	Саңырауқұлақтардың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы туралы түсінік беру, ұлы саңырауқұлақтардың адам өміріне қауіпті екендігі туралы түсінік беру, балалардың күз туралы білімін қалыптастыру; күзгі табиғат ерекшеліктерін еске алу; балалардың есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту; табиғат әлеміне қамқорлықты, эмоционалды-жағымды қатынасты қалыптастыру.	1	03.11.2022
10	Жел күші	Балалардың жел туралы түсініктерін қалыптастыру; желмен тәжірибелік жұмыс жасауға үйрету; баланың ойда сақтау қабілетін, тіл байлығын, белсенділігін, шеберлігін дамыту; балаларды табиғатты қорғауға және жаңашылыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу.	1	10.11.2022
11	Жабайы аңдар	Ормандағы аңдардың қысқы тіршілігі, олардың қысқы табиғатқа бейімделуі туралы түсінік беру; балаларды аңдарды сипаттауға, салыстыра білуге жаттықтыру, табиғатқа деген қызығушылықтарын туғызу; есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту; аңдарды қорғауға, оларға қамқор болуға тәрбиелеу.	1	17.11.2022
12	Сиқырлы магнит	Балаларды магнитпен және оның қасиеттерімен таныстыру, заттарды бақылауды үйрету, білімдерін бекіту; ойлау қабілеттерін дамыту; қоршаған ортаның құпиясын табуға және қорғауға тәрбиелеу; бірігіп жұмыс жасауға, бір-бірін құрметтеуге және шыдамдылыққа тәрбиелеу.	1	24.11.2022
13	Қысқы тіршілік	Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін нақтылау, қыс мезгіліне тән белгілерді білу және таба алуға үйрету; қыс мезгіліндегі жануарлар өміріндегі өзгерістер туралы түсініктерін тиянақтау; адамның қысқы еңбегі туралы білімдерін бекіту; балалардың табиғатқа деген қамқорлық қарым-қатынасын ынталандыру және қолдау.	1	01.12.2022
14	Менің Отаным-Қазақстан. Еліміздің рәміздері	Туған өлке туралы мәлімет беру, отбасында туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту; туған жерінің табиғатын, қалаларын, өзендерін білуге жаттықтыру; суреттер бойынша сипаттау әңгімелерін құрастыруды үйрету; жай және күрделі сөйлемдерді қолдана алу біліктілігін дамыту; Отанға деген сүйіспеншілікке, Отанын сүйуге тәрбиелеу.	1	08.12.2022
15	Көрікті шырша	Қыс мезгіліндегі мерекелер жайлы білімдерін кеңейту; шырша туралы білімдерін толықтыру, табиғатта өзін ұстаудың қарапайым ережесін қалыптастыру; сурет бойынша әңгіме құрастыру арқылы ойлау қабілеттерін, тілін дамыту; өсімдіктер әлеміне сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1	15.12.2022
16	Ғажайып сыйлық	Қыс мезгіліндегі мерекелер жайлы білімдерін кеңейту; шырша туралы білімдерін толықтыру, табиғатта өзін ұстаудың қарапайым ережесін қалыптастыру; сурет бойынша әңгіме құрастыру арқылы ойлау қабілеттерін, тілін дамыту; өсімдіктер әлеміне сүйіспеншілікке	1	22.12.2022

		тәрбиелеу.		
17	Туған өлке		1	05.01.2022
18	Ақ ұлпа	Қар жайлы білімдерін кеңейту, қардың қасиетін тәжірибе арқылы аша отырып, өзгеріске түсетінін түсіндіру; оның негізгі ерекшеліктерін нақтылай дәлелдей білуге үйрету; өз ойларын толық жеткізе білуге дағдыландыру, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту; табиғатқа қамқорлық қатынасты тәрбиелеу.	1	12.01.2023
19	Жабайы аңдар	Әрбір аңның атын дұрыс атауға жаттықтыру және олардың тіршілік ететін ортасы туралы түсініктерін бекіту; жабайы аңдарға байланысты көрнекіліктер пайдалана отырып, балалардың ой-өрісін, тілін дамыту; балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттырып, аңдардың түрлеріне көңіл аудартып, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	1	19.01.2023
20	Қыстайтын құстар	Балалардың қыстап қалатын құстар туралы түсініктерін кеңейту; құстардың тіршілігіндегі басты ерекшелігі: ең қажетті жағдайы және өлі табиғаттағы болатын өзгерістердің тірі табиғатқа әсері туралы мәлімет беру; ой-өрісін, дүниетанымын, көру, шығармашылық қабілеттерін дамыту; балалардың табиғатқа деген қамқорлық қарым-қатынасын ынталандыру және қолдау; құстар әлеміне сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1	26.01.2023
21	Ақ ұлпа	Қар жайлы білімдерін кеңейту, қардың қасиетін тәжірибе арқылы аша отырып, өзгеріске түсетінін түсіндіру; оның негізгі ерекшеліктерін нақтылай дәлелдей білуге үйрету; өз ойларын толық жеткізе білуге дағдыландыру, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту; табиғатқа қамқорлық қатынасты тәрбиелеу.	1	02.02.2023
22	Жабайы аңдар	Әрбір аңның атын дұрыс атауға жаттықтыру және олардың тіршілік ететін ортасы туралы түсініктерін бекіту; жабайы аңдарға байланысты көрнекіліктер пайдалана отырып, балалардың ой-өрісін, тілін дамыту; балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттырып, аңдардың түрлеріне көңіл аудартып, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	1	09.02.202
23	Үйдегі тұрмыстық заттар	Адам көмекшілері туралы білімдерін кеңейту, адам өміріне және еңбек етуінде көмекші болатын электрофты, тұрмыстық техника туралы білімдерін арттыру; балалардың назарына заттардың адам үшін қызмет ететіндігіне және заттарға ұқыптылықпен қарауға үйрету; техниканы адам жасап шығарғанын түсіндіру; үлкендердің еңбегіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.	1	16.02.2023
24	Дәрілік өсімдіктер	Балалардың денсаулық, оны сақтау туралы түсініктерін кеңейту, өз денсаулығын күте білуге үйрету, салауатты өмір салтын қалыптастыру; дәрілік шөптердің емдік қасиеттеріне тоқталу; көру, есте сақтау қабілеттерін дамыту; балаларды өсімдіктерді қорғай, аялай білуге тәрбиелеу.	1	23.02.2023
25	Қыстар ұшып келгенде	Балаларға құстардың пайдасы туралы мағлұмат беру; құстардың түрі, тіршілігі туралы білімдерін кеңейту; сөздік қорларын молайтып, есте сақтау қабілеттерін арттыру; құстарға қамқор болуға, қорғауға тәрбиелеу.	1	02.03.2023

26	Сиқырлы су	Жер бетіндегі барлық тіршілік иелеріне судың маңызы туралы түсініктерін қалыптастыру; балаларды судың қасиеттерімен таныстыру; судың қасиеттерін бақылау жүргізу арқылы түсіндіру; сана-сезімін, ақыл-ойларын, зейінін көру, есту, қабылдау қабілеттерін дамыту; өлі табиғатқа деген сүйіспеншілікке, табиғатты қорғауға тәрбиелеу.	1	09.03.2023
27	Ағаштан не жасалады?	Ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып жайында қарапайым түсінік беру; ата-бабаларымыздың кейінгі ұрпаққа мирас еткен асыл мұрасын қадірлеп, қастерлеуге, қасиетін түсінуге баулу; балаларға ұлттық ыдыстары туралы түсінік беру; тәжірибе арқылы ағаштардың қасиеттерін анықтау; балалардың ой-қиялының, шығармашылық белсенділігінің дамуына ықпал ету; балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	16.03.2023
28	Зергерлік бұйымдар	Ұлттық қолданбалы өнер туралы, алған түсінігі мен әсерлерін түрлі жолдармен жеткізу, балалардың ұлттық бұйымға деген қызығушылығын, сана-сезімін, ынта-жігерін арттыру, зергерлік бұйымдармен таныстыру; сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілетін дамыту; өнердің бәрі адам баласына қажет дүние екендігін түсініп, білуге тәрбиелеу.	1	30.03.2023
29	Жұлдыздар әлемі	Өлі табиғаттың түрлі нысандарын бақылау; балаларға жұлдыздар әлемі туралы жалпы түсінік беру; сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету; ойлау қабілетін, қызығушылығын арттыру; еңбекке деген құштарлығын ояту, үлкендердің еңбегін сыйлауға тәрбиелеу.	1	06.04.2023
30	Жер ортақ	Жер планетасы және ғаламшардағы адамдардың өмірі туралы түсініктерін қалыптастыру, әртүрлі елдер мен ұлттарға қызығушылық пен құрмет сезімін ояту; балалардың сөздік қорын кеңейту; шығармашылығын дамыту; әлемнің мәдениеттерінің бай алуандығын құрметтеуге, қабылдауға және дұрыс түсінуге тәрбиелеу; достыққа тәрбиелеу.	1	13.04.2023
31	Көктемгі ағаш	Ағаштар туралы білімдерін кеңейту, ағаштарды ажырата білуге үйрету; ағаштардың маңызы туралы білімдерін кеңейту; көктем мезгілінің ерекшеліктері туралы білімдерін толықтыру; сөздік қорын, ойлауын дамыту; ағаштарды қорғауға деген құштарлықтарын ояту, өсімдіктер әлеміне сүйіспеншілікке тәрбиелеу	1	20.04.2023
32	Тірі және өлі табиғат	Тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту; қойылған сұрақтың дұрыс жауабын табуға үйрету; қызығушылығын, есте сақтау қабілеттерін, шығармашылық қиялын дамыту; адамның табиғатпен байланысын және өзара әрекетін анықтау; табиғатқа қамқорлық қатынасты тәрбиелеу.	1	27.04.2023
33	Асқар тау	Балалардың қоршаған орта туралы білімдерін бекіту, табиғат, тіршілік, қоршаған орта арасында байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру, балаларға өлі және тірі табиғат жөнінде білімдерін кеңейту; балалардың ойлау қабілеттерін дамыту; табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, қадірлей білу және қамқорлық жасай білуге үйрету	1	04.05.2023

34	Әсемдік әлемі	Балаларға гүлдер туралы, соның ішінде дала, бөлме, емдік қасиеті бар гүлдері туралы түсінік беру; суреттерін көрсете отырып, құрылысымен таныстыру; балалардың қиялын, ой-өрісін, зейінін дамыту: ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.	1	11.05.2023
35	Бөлме өсімдіктері	Балалардың өсімдіктердің өсу және даму жолдары туралы түсініктерін қалыптастыру; балаларды сепкішпен су шашуға, дымқыл шүберекпен өсімдіктердің шаңын сүртуге үйрету; сөздік қорын байыту; жұмысты ұқыпты орындауға тәрбиелеу, тіршілік иелеріне қамқорлық жасауда жауапкершілік таныту.	1	18.05.2023
36	Кішкентай зерттеушілір	Жаз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру; байланыстырып сөйлеуге, сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге үйрету, саусақ жаттығуын жасату арқылы қолдарының ұсақ моторикасын жетілдіру; есте сақтау қабілеттерін дамыту; туған жер табиғатын сүйе білуге тәрбиелеу.	1	25.05.2023